

РЕСЕЙ ТЕМІР ЖОЛЫ КӘСІПОДАҒЫМЕН АРАДА ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҮШІН ЖҮРГІЗЕТІН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫМЫЗ ҰДАЙЫ ЖЕТІЛДІРІЛІП, ТЕМІРЖОЛШЫЛАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУҒА ЖАУАП БЕРЕДІ ДЕГЕН СЕНІМДЕМІН.

Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы



№95 (2810)
06/12/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП ҚЫС КЕЛДІ...

Иә, қылышын сүйретіп қыс келді. Қарашаның соңына қарай республиканың солтүстік және шығыс аудандары мен орталығында қар жауып, бұрқасын соғып, қатты аяздар басталды. Ал қыстың алғашқы айы желтоқсанның келуімен оңтүстік аймақтарда да қар түсіп, күн күрт суытты. «Қыс шанасын жаз сайлап» үйренген теміржолшылардың биылғы қысқа қамданысы қалай?

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Биыл қармен күреске Магистральдық желі дирекциясы бойынша 284 қар тазалағыш техника жұмылдырылмақ. Бүгінде оның 90%-ы тұрақты жұмыс істеуге сақдай сай тұрса, деполық және күрделі жөндеуден өткізуге 68 арнайы жылжымалы құрам кіргізілген. Бүгінде дейін 50-ден астам техника жөндеуден өткен. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотивтер мен вагондардың қыс маусымына әзірлігіне биыл да ерте қам жасаған. Соның арқасында

бүгінде межелеген 1370 локомотив қысқы режимге толық көшірілген. Жалпы, ұлттық компания бойынша биылғы қатал маусымға 1354 бірлік жолаушылар вагоны мен электропоезды қысқы режимге көшіру жоспарланған. Нақтысында 1276 бірлік жылжымалы құрам толықтай әзірліктен өткен. Сонымен қатар байланыс желілерінде мұздың қатуын болдырмау үшін 19 вибропантограф дайындалса, ЭСО, ФРЭС роторлық машиналарына тартымдық қызмет көрсету үшін 22 локомотив сынақтан өткен.

Ұлттық компанияның филиалдары

мен еншілес ұйымдары 2022-2023 жылдардың қыс маусымына дайындық барысында 231 іс-шараны орындауды жоспарлаған. Бүгінде бұл шаралардың 90 пайыздан астамы жүзеге асырылған. Сондай-ақ, биыл қыс маусымына 461 қазандық пен 84 жылу трассасы және төрт мыңға жуық ғимарат пен жасанды құрылыстар дайындықтан өткен.

Компанияның желілік бөлімшелерінде «алғашқы қыстаушылар» мәселесіне де айрықша көңіл бөліп, олар арнайы оқытылып, тәжірибелі мамандарға бекітіледі. Осы

ретте, атап өтерлігі, қолданыстағы Ұжымдық шартқа сәйкес тәлімгер теміржолшыларға еңбекақының тарифтік мөлшерлемесінің 20% мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Биылғы жылы Компания бойынша барлығы 5822 адам алғашқы қысын қарсы алмақ, олар қыс маусымында жұмыс істеудің қыр-сырына қанығып, тиісті емтиханнан өткен.

Желтоқсан айында-ақ қысқа бастаған «кәрі құда» кәріне мінсе, қосымша резервтер іске қосылады. Демек, алдағы қысқа теміржолшылар сақадай сай деген сөз.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАҢА ЖОБА СӨЗ БОЛДЫ



Ақтөбеде №41 разъезд бен Жіңішке станциясы аралығына қаламаңы пойызы қатынасуы мүмкін. Жаңа жобамен URBATHON АКТОБЕ форумы аясында облыс әкімі таныстырды.

«Ақтөбе-Экспресс» атауымен іске қосылатын жаңа пойыз қала іргесіндегі 41-ші разъездтен Жіңішке станциясына дейінгі қалааралық қатынасты реттейді деп күтілуде. Облыс басшысы қаланың екі басын қосатын мұндай жобаның әлемдік тәжірибеден бар екенін түсіндірді. Әрине, жоба егжей-тегжейлі зерделеніп, кәсіби көзқарасты қажет ететінін айтты. Жобаның ұзындығы 18 шақырым, 11 аялдама, сонымен қатар 3 жауу жүргіншілер көпірі болады. Осылайша, қаланың бір шетінен екінші шетіне дейін орта есеппен 30 минутта жетуге болады. Бұл қала орталығын біріктіріп, қатынасты жеңілдетеді.

«Біз айтып отырған жаңа жоба көп мүмкіндікке қол жеткізеді. Дегенмен үлкен жұмысты да қажет етеді. Қазір 18 шақырымдық жол қаланы екіге бөліп тұр. Теміржол айналасындағы 500 метр аумақтың бәрін жобада қарастыру керек. Қазіргі күні қалааралық теміржол қатынасы назар аударуды және жақсартуды қажет етіп тұр. Себебі көлік саясаты мен жол қауіпсіздігі бәрінен маңызды болып тұр», – деді Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов.

Өңір басшысының айтуынша, қазір ҚТЖ компаниясымен келісім бойынша жоба пысықталып, жан-жақты жетілдіру жұмыстары қолға алынған. Бүгінде өңірдегі теміржол қатынасы Ақтөбе қаласын екіге бөліп жатыр. Қала жылдан жылға өсіп, көлік санының өсуіне байланысты темір жол өткелдерінің бойында кептелістер де артып кеткен. Жаңа жоба Ақтөбедегі көлік ағынын жеңілдетеді деп күтілуде. Өңір басшысы теміржол учаскесінде қалалық экспресс қызметін ашу үшін темір жолдың мүмкіндіктерін пайдалану қажет деп санайды және ол қала тұрғындарының игілігіне пайдалануға бағытталатын болады.

Сондай-ақ ол жаңа жобадағы 18 шақырымдық жол бойында шағын және орта бизнесті дамытуға да мүмкіндік бар. Кәсіпорындар қазірдің өзінде өз жобаларын ұсына алады.

Облыс әкімінің айтуынша, қазіргі уақытта жоба мүмкіндіктерін дамыту үшін арнайы мамандар жұмыс істеп жатыр. Қорытындысы зерделеніп, келесі жылы жобаны сызу, құрылыс жұмыстарына қатысты қаржы көлемі мәслихатқа ұсынылады.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе

ИТОГИ УДАРНЫЕ ТЕМПЫ ПОГРУЗКИ

План хлебоперевозок по Уральскому региону в ноябре и в целом с начала года перевыполнен. Темпы погрузочных работ подчас неравномерны, однако уральские железнодорожники к выполнению заявок грузоотправителей всегда готовы, и претензий к их работе не имеется.

Анна ПАНИЦЕВА,
Уральск

По данным ведущего инженера по логистике и организации перевозок филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Зульфии Утешевой, в ноябре текущего года при плане перевозок зерна 595 вагонов, 29 398 тонн, выполнение составило 499 вагонов, 32 620 тонн, то есть 110,96%, при этом экономия вагонов – 96 единиц. Также показатели отгрузки с начала года: при плане 3 064 вагона, отгружено за 11 месяцев зерна 3 238 вагонов, или 110,95%.

Перевыполнен план погрузки и по

продуктам перемола (мука, отруби). Так, за 11 месяцев при плане 734 вагона фактически погружено 1 192 вагона, то есть перевыполнение плана составило 59,2%. При этом в ноябре погрузочные работы шли ударными темпами: при плане 19 вагонов по факту отгружено 208 вагонов, или 13 029 тонн, выполнение – 1 008%.

Следует отметить, в начале последнего осеннего месяца темпы грузовых перевозок зерна и муки хлебоперерабатывающими предприятиями Приуралья несколько снизились, что вызвало ряд вопросов у руководства области. Впрочем, к работе железнодорожников претензий не было. К концу ноября

темпы погрузочных работ выросли многократно, с чем работники станции Уральск с честью справились.

– Проблем с подачей вагонов за отчетный период не было, транспортировка осуществлялась в штатном режиме. Темпы отгрузочных работ зависят не только от работников станции, но и непосредственно от грузоотправителей, которые в свою очередь заключают договор с собственниками вагонов. Мы работаем в тесном контакте со всеми причастными к хлебоперевозкам структурами, всегда готовы к выполнению заявок грузоотправителей, претензий к нашей работе нет, – отметил начальник станции Уральск Арман Башенов.

ПОРЯДОК В РАБОТЕ КАЖДОГО СОТРУДНИКА СПОСОБСТВУЕТ ПОВЫШЕНИЮ УРОВНЯ ДВИЖЕНИЯ Поездов, СОХРАННОСТИ ГРУЗОВ, ЗДОРОВЬЯ И ЖИЗНИ ЛЮДЕЙ. НАША ВАЖНЕЙШАЯ ЗАДАЧА – ОБЕСПЕЧИТЬ ВЫСОКУЮ ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТЬ ТРУДА И ПОЛНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ Поездов И МАНЕВРОВОЙ РАБОТЫ!

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АҚТАУ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАНАТЫН ЖҮК КӨЛЕМІ ӨТКЕН ЖЫЛДАН

7%
АРТТЫ

ТМТМ БАҒДАРЫ БОЙЫНША ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

66%
ҰЛҒАЙҒАН

ӨТКЕН ОН АЙДА ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДА СЕМЕЙ ЖТ БӨЛІМШЕСІ АРҚЫЛЫ

2,8 млн тонна
ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ

КОМПЕТЕНЦИИ – НА ПЕРЕСБОРКУ

Более 200 мастеров и инструкторов производственного обучения региональных структур, филиалов и дочерних организаций АО «НК «КТЖ» прошли обучение в академии «Шеберлер қазынасы», которая является одним из самых масштабных по периметру охвата интеллектуальных проектов 2022 года.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

В АО «НК «КТЖ» уверены, что пересборка компетенций мастеров производственного обучения повышает ответственность за безопасность. В течение трех месяцев они вникали в тонкости андрагогики (науки обучения взрослых людей), погружались в вопросы бережливого производства, овладевали навыками ораторского искусства, управления эффективностью, внутренних коммуникаций и цифровых технологий.

Основной целью академии является повышение качества производственного обучения, снижение уровня нарушений техники безопасности через развитие профессиональ-

ных и личностно-деловых компетенций работников, отвечающих за техническую учебу на линейном уровне.

Заинтересованными лицами – заказчиками корпоративной программы обучения выступили главный инженер компании Батыр Котырев и директор департамента управления человеческими ресурсами Сауле Истлеева.

В фокусе обучения оказались мастера/инструкторы производственного обучения, проходившие ранее устаревшие по формату программы технических занятий. Было предложено организовать для них корпоративную программу обучения, кастомизированную под запрос бизнеса и специфику КТЖ. Она включила в себя разбор кейсов, обмен практиками, разработку сценариев проведения технических занятий и многое другое.



Благодаря академии мастера производственного обучения изучили необходимые современные инструменты передачи своих знаний, узнали основы андрагогики, обучились ораторскому искусству.

– Данная программа стала стартовой в плане повышения качества обучения на линейном уровне. Мы планируем не останавливаться на достигнутом и работаем над корпоративными программами развития компетенций для главных инженеров, инструкторов – машинистов и ревизоров по безопасности движения, – говорит о планах совместной работы Батыр Котырев и Сауле Истлеева.

Фото автора

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ХАҚЫНДА

Улан ОРАЗ,
Астана



ҚТЖ-ның ғылыми-техникалық кітапханасында «Интеллектуалдық меншік нысандарының құқығын қорғау» тақырыбында семинар өтті.

Техникалық орталық ұйымдастырған іс-шараға компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарынан 50 қызметкер қатысты. Семинардың мақсаты – компанияның жауапты қызметкерлерінің интеллектуалдық әлеуетін арттыру үшін интеллектуалдық меншік құқығын қорғау және сақтау бойынша ҚР-ның қолданыстағы стандарттары бойынша маңызды ақпараттар ұсыну. Жиында 8 тақырып көтерілді. Атап айтқанда, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның интеллектуалдық қызметі, интеллектуалды меншік нысандарын құқықтық қорғау маңыздылығы мен артықшылығы, авторлық құқық нысандарын құқықтық қорғау, жеке шығармашылыққа авторлық құқық тіркеу, отандық және халықаралық деректер базасы бойынша патенттік іздеу, IT шешімдерді патенттеу, Еуразиялық патенттік конвенция аясында өнімді өңірлік патенттеу, интеллектуалдық меншік нысандарын құқықтық қорғау алғышарттары тақырыптары талқыланды. Семинарға қатысушылар өкілетті органға интеллектуалдық меншік нысандарын тіркеу және беруге қатысты мәселелерді сөз етті, сонымен қатар интеллектуалды меншік бойынша актілерге енгізілген өзгерістер және толықтырулармен танысты.

ТАСЫМАЛ ҚЫЗМЕТІ – ТӨРТ БАҒЫТТА

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Қазақстан темір жолының еліміздің түкпір-түкпіріне тармақталған желісі теміржол көлігі арқылы жүктердің үлкен көлемін қандай қашықтыққа болсын тасымалдауға мүмкіндік береді.



Сондықтан ірі компаниялардың дені өнімдерін темір жол арқылы тасымалдап отыр. Тоғыз жолдың торабы Қандыағаш станциясының тасымал қызметіне жүгінетін жергілікті 40-тан аса кәсіпорын бар. Станцияда жұмысты ұтымды ұйымдастыру мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің арқасында тасымал көлемі бірте-бірте ұлғайып келеді. Биылғы он айдың ішінде станциядан 887 147 вагон жүк жөнелтілді. 2021 жылмен салыстырғанда тасымал көрсеткіші 101% орындалып отыр. Жүк тасымалдау, қабылдау және тиеу жоспары толық орындалған, сапалық көрсеткіштері де көтеріңкі.

Станцияда 242 теміржолшы еңбек етеді. Тасымал қызметін төрт бағытқа ұйымдастырып отырған Қандыағаш станциясында 10 айда 20584 пойыз қабылданып, 21515 пойыз жөнелтілген. Цемент, болат, қиыршық тас тиеу жұмыстары қыс маусымында да тоқтамайды.

– Аумақта бес паркпен жабдықталған 3 маневрлік аудан бар, 7 маневрлік локомотив жұмыс істейді. Жүк жұмысын ұйымдастырып отырған 11 кірме жол бар. Оның ішінде негізгі екі кірме жолдағы жұмыс тоқтаусыз жүреді. Аудан аумағындағы зауыттардан күніне 7-8 вагон жүк тиелетін жолдар бар. Ең кішкентай деген кірме жолдың өзінде айына 30 вагонға дейін жүк тиеледі. Қазіргі уақытта тәулігіне 80 жүк пойызды қабылдап, 80 пойызды жіберіп отырмыз, – дейді станция басшысы Асхат Мәжитов.

Суретті түсірген автор

«СОЛТҮСТІК – ОҢТҮСТІК» ДӘЛІЗІ: ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫНА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

«Солтүстік–Оңтүстік» халықаралық транзиттік көлік дәлізі Балтық жағалауы елдерін Ресей, Қазақстан, Әзербайжан, Түркіменстан және Иран арқылы Үндістанмен байланыстырады. Жалпы ұзындығы – 7,2 мың км. Өткізу қабілеті жылына 30 млн тонна жүкті құрайды. Мультимодальды бағдар арқылы жүк көліктің алуан түрімен, атап айтқанда автомобиль, темір жол, теңіз арқылы жеткізіледі.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Аталған дәліздің пайда болғанына биыл 20 жыл. Оны құру жөніндегі келісім 2000 жылы Ресей, Иран және Үндістан арасында жасалып, 2002 жылы бекітілген. Кейін бұл жобаға Қазақстан (2003), Әзербайжан, Түркия, Тәжікстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Оман, Украина мен Болгария қосылды. Қазақстан үшін бұл жобаға қатысу ел аумағы арқылы транзиттік жүк ағынының қосымша көлемін тартуға және Парсы шығанағы порттарына шығуға мүмкіндік береді.

Биыл қазан айында Астанаға келген Түркіменстан президенті Сердар Бердімұхамедов Үнді мұхиты мен Парсы шығанағына шығатын «Солтүстік–Оңтүстік» көлік дәлізін Қазақстанмен бірлесіп құруға дайын екенін жеткізді. Дәліздің негізгі үш тармағы бар. Біріншісі, Транскаспий – Каспий теңізі арқылы, екіншісі, Батыс – Каспий теңізінің батыс жағалауы бойымен және үшіншісі, Шығыс – Каспий теңізінің шығыс жағалауы бойымен жүретін тармақтар.


АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

«Солтүстік – Оңтүстік» дәлізінің бағыттарын пайдалану ең алдымен жеткізу уақытын айтарлықтай қысқартады, яғни ол тауарларды тасымалдау мерзімін 1,5 есеге және Суэц каналы мен Жерорта теңізі арқылы дәстүрлі жолмен салыстырғанда олардың құнын 10-15%-ға азайтуға септік етеді. Сонымен қатар, темір жол көлігі теңіз көлігіне қарағанда экологиялық таза болып саналады. Контейнерлік тасымалдарды теңіз көлігінен теміржол көлігіне қайта бағыттау улы газдар бөлінуін кем дегенде 25%-ке азайтады.

«КТZ-Express» АҚ бас директорының контейнерлік тасымал жөніндегі орынбасары Бақыт Успаевтың айтуынша, Қазақстан үшін «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі Иран және Үндістанмен көлік-экономикалық байланыстарды дамытудағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Оның басты артықшылығы, жоғарыда атап өткеніміздей, жеткізу мерзімінің айтарлықтай қысқа болуы.

– Аталған дәлізді дамыту үшін біз биыл қараша айында РТЖ мен Түркіменстан темір жолдарының көлік-логистика орталықтарындағы серіктестермен үш жақты меморандумға қол қойдық. Сол құжат шеңберінде осы дәліз арқылы контейнерлік сервис белсенді дамытуға келістік. Негізгі бағыттарға үш жақты және транзиттік қатынаста ұдайы жүк тасымалын ұйымдастыру, халықаралық импорттық-экспорттық жүк тасымалы көлемін арттыру және көлік-логистикалық инфрақұрылымды бірлесе қолдану жатады. Дәліз әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға барынша мүдделілік танытамыз, – дейді Б.Успаев.

Сонымен қатар ол бұл дәлізді дамытуға Қазақстанның қатысуы арқылы түрлі номенклатурадағы транзиттік жүктердің қосымша көлемі тартылатынын жеткізді.



Атап айтқанда, бұл азық-түлік өнімдері, отын-энергетикалық тауарлар мен химия өндірісінің өнімдері және металдар.

– Еуразиялық экономикалық одақ – коммуникацияларды ұштастырудың құқықтық және техникалық шарттары тұрғысынан «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін толтырудың негізгі субъектісі. Дәлізге Қытай, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Пәкістан, Иран, Беларусь сияқты елдер қатысатын ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық қосымша мазмұн әкелуі мүмкін. Еуразиялық даму банкінің бағалауы бойынша контейнерлік тасымалдардың әлеуеті 2030 жылға қарай шамамен 325 мың ЖФЭ-ден (базалық бағалау) оптимистік бағалау бойынша 662 мың ЖФЭ-ге жетуі мүмкін екенін атап өткім келеді, – дейді Б.Асанұлы.

ДАМУЫНА НЕ КЕДЕРГІ?

Алайда дәліз жолы өтетін елдердегі теміржол табандарының әртүрлі ені, Үндістан және Пәкістанмен заңнамалық базаның жоктығы, Каспий теңізіндегі жоғары порт алымдары және жүк тасымалдау құнының салыстырмалы түрде қымбат болуы дәліздің толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіріп келгені жасырын емес. Қазіргі уақытта тараптар Келісім шеңберінде көлік шығындарын оңтайландыру, сервистің сапасын көтеру жүк және жолаушылар тасымалдау жылдамдығын арттыру бойынша жұмыс істеуде.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өкесбаев биыл қазан айында Орталық Азия елдері және Иран елінегі әріптестермен Тегеранда өткен кездесуде осы дәліздің бойындағы «тар жерлерді» жою арқылы оны кеңейту туралы бастама көтерді.

– «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі арқылы транзиттік әлеуетті көтеруге мүдделіміз. Бүгінгі таңда Ақтау порты мен Иран, Анзали, Амирабад порттары арасында тұрақты көлік қатынасы жолға қойылды. Контейнерлік тасымалды дамыту үшін Ақтау порты тарапынан порт қызметтеріне, 40 футтық контейнерді түсіріп, тиеу тарифтеріне жеңілдіктер ұсынылды. Қазақстан осы бағдар бойынша транзиттік тасымал

сапасын және жылдамдықты арттыруға бағытталған барлық қажетті жағдай мен инфрақұрылымды жасауда, – деді министр.

БІРЛЕСКЕН ЖОСПАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

ҚР ИИДМ Көлік саясаты және инфрақұрылым департаментінің бас сарапшысы Жайнар Әлібекова министрлік тарапынан осы дәлізді дамыту бағытында жасалып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

– «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Қазақстан үшін экспорттық және транзиттік жүктерді әртараптандыру үшін қолданылып жатқан бірден-бір баламалы бағыт болып есептеледі. Қазіргі таңда министрлік осы дәліздің шығыс бұтағы болып салынған Қазақстан мен Түркіменстан шекарасындағы Болашақ станциясы арқылы өтетін «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» көлік бағытының одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдау бойынша жақсарту, жылжымалы құрамды ұлғайту, әкімшілік кедергілерді жою және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдай жасау бойынша синхронды іс-шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастыруда, – дейді Ж.Әлібекова.

Министрлік берген мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылдың 10 айында Қазақстан – Түркіменстан – Иран құрлық бағыты бойынша 80,25 мың тонна жүк тасымалданған, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8 есе көп (9,93 мың тонна) және 5 пойыздың құрамында 360 ЖФЭ контейнер (2021 жылы тасымалдау болған жоқ) болды. Биыл қазан айында түркімен және иран тараптарымен бірлесіп, осы маршрутты 2025 жылға дейін дамыту жөніндегі Жол картасының жобасы әзірленді. Осы құжатты іске асыру 2025 жылға қарай дәліздің өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Аталған Жол картасының жобасы Ресей, Түркіменстан және Иран Көлік министрліктеріне нотамен жолдау туралы ҚР СІМ-ге хат жіберілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ



Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы Сексеуіл – Қоскөл, Сексеуіл – Жосалы станциялары аралығындағы СОБ, байланыс, радиобайланыс, КТСМ-02 құрылғыларына жауапты. Мекемеде құрылғыларға техникалық күтім жасап және оларды жөндеу жұмыстарымен айналысатын үш жүзге жуық маман бар.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Дистанцияның 10 айлық жұмыс қорытындысымен таныстырған техникалық бөлімнің жетекші инженері Жантөре Аманның мәліметінен қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға өз үлесін қосып отырған кәсіпорын тірлігі табысты екеніне көз жеткіздік.

Құрметті теміржолшы Ғани Ысқақов басқаратын дистанцияға тиесілі 634,09 км телімдегі жоспарлы жұмыстар әрқашан кестеге сай атқарылып, міндеттемелер дер кезінде жүзеге асырылады. Мекемеде үш жүзден аса теміржолшы еңбек етеді. Дистанцияның алты телімінің жұмысын кідіріссіз

жүргізіп отырған мамандардың дені – электромеханиктер.

Компания жобасына сәйкес 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін дистанция көлемінде ауқымды жұмыс жүргізілген. Дистанцияға 272 дана Р-80 Альстом типті электрлі жетегі беріліп, бұрмаларға орнатылған заманауи қондырғы бүгінде мүлтіксіз жұмыс істеп тұр.

Ал биылғы он айлық жоспар бойынша өндіріске бөлінген материалдар мақсатты игерілген. Дистанцияның биылғы кешенді жоспарына сәйкес техникалық құралдардың сенімділігін арттыру бойынша инженерлік-техникалық



іс-шаралар жүргізілуде. Мәселен, қарама-қарсы бағыттағы пойыздардың телімдерден еш кедергісіз өтуін қамтамасыз ету,

жұмыстың сапалылығын арттыру үшін және реле құрылғыларының санын азайтып экономикалық тұрғыда тиімді болуы үшін Төре-

там – Диірментөбе станциялары аралығында шалқарлық жобамен жұмыс жасалды.

Еңбекті қорғау жағдайын жақсарту арқылы мамандардың денсаулығын сақтау және техникалық қауіпсіздік мәселесіне дистанцияда айрықша көңіл бөлінеді. Еңбек қорғау бойынша жауапты қызметкер, жетекші инженер Әлібек Өте-ниязов жұмысшы қызметкерлердің уақытлы қорғау құралдары мен арнайы киімдермен қамтамасыз етілуін қадағалайды және дер кезінде қауіпсіздік нұсқамаларды аса сауаттылықпен таныстырып отыратын білікті маман.

– Жалпы, өткен жылы да, биыл да дистанцияда еңбек тәртібін бұзу және өндірісте жарақат алу оқиғасы тіркелмеді, – дейді техникалық бөлімінің жетекші инженері Жантөре Аман.

Дистанциядағы күрделі жұмыстардың бірі – Сексеуіл – Қоскөл учаскелерін диспетчерлік орталықтан басқару жүйесіне қосу жұмыстары. Осы жобаға жетекшілік жасап отырған дистанция бастығының СОБ жөніндегі орынбасары Жанболат Досжанов РТУ телімінің бастығы Ерсайын Сұлтанов ең бастысы техникалық

күтім дейді, айтуынша құрылғылар сапасы күтімге байланысты. Күтім жақсы болса ешқандай ақау да, апат та болмайды.

Ал жиырма жыл дистанцияға жетекшілік етіп келе жатқан Ғани Ысқақов СОБ телім бастықтары Оралбай Пазылбеков пен Қасұлман Қартабаевтың, инженерлік топтан Жадырасын Беймбетов, СОБ-Кип аға электромеханигі Нұрлан Бұрашов, СОБ электромеханиктері Дөнес Күнебаев, Патима Жасекенова, Гафур Айдарбеков, Қайрат Ибрагимов, Бөгенбай Молжигитов, Еркін Сейтмұратов, Идіріс Мұсаев және Жамихан Дарибаев, Мұхит Тлепбергеновтің ерен еңбектерін ерекше атап өтуді сұрады.

Өткен жылы дистанция қызметкерлеріне 1 тұрғын үй типті модульді контейнер беріліп, Ордасы бекетіне қойылған ол жергілікті жұмысшылардың қажетіне жарап отыр. Биыл да басшылықтың араласуымен тағы да 3 тұрғын үй модуль алынып, дистанцияға қарасты Сексеуіл – Қоскөл аралығындағы № 10,11,12 бекеттерге орналастырылған. Жұмысшылар үшін ол демалыс орны, жатын орын қызметін атқарып отыр.

Суретті түсірген автор

ВСЕГДА ТАМ, ГДЕ НУЖНА ПОМОЩЬ



АКТУАЛЬНО

Железнодорожники всегда были вместе со своей страной в самые непростые периоды. И сегодня, когда произошла коммунальная катастрофа в Экибастузе, работники стальной магистрали пришли на помощь жителям замерзающего города.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Экибастуз

В Экибастузе из 37 объектов железнодорожной отрасли 14 серьезно пострадали из-за аварий на ТЭЦ.

Железнодорожникам удается сохранять в рабочем режиме стратегические объекты. Среди них пункт техобслуживания локомотивов, пескосушилка, где заготавливается, хранится и сушится песок, необходимый локомотиву в поездке для устранения или уменьшения бокового износа ведущих колесных пар.

Своими силами железнодорожники Экибастуза восстанавливают внутренние системы отопления объектов. Ускоренно решаются вопросы по снабжению нужными материалами: трубами, задвижками.

Отраслевой профсоюз помогал пострадавшим казахстанцам после событий в Арысе, Мактаарале и Костаная. И в этот раз мы не смогли остаться в стороне. Закупаем и доставляем самое необходимое – обогреватели, горячее питание. Для пенсионеров и малообеспеченных работников железнодорожных предприятий, которые проживают в частных домах без центрального отопления по улице Астана, мы закупили и доставили уголь.

Также силами профсоюза организовано горячее питание для 14 работников ТОО «Теміржолсу-Павлодар» и восьми проводников, – отмечает председатель профсоюзного комитета Экибастузской дистанции пути, член Центрального совета Марат Садовосов.

Температура в помещениях станции, депо, техконторы варьирует от пяти до 12 градусов, сотрудники работают в верхней одежде. Чтобы отогреть дома железнодорожников и рабочие помещения, АО «НК «КТЖ», профкомы Павлодарского региона, Павлодарского филиала и Центрального аппарата отраслевого профсоюза приобрели обогреватели.



Талине Комар, проработавшей долгие годы на железной дороге, привезли уголь. Пенсионерка, как и многие люди, благодарна всем железнодорожникам, профсоюзу за оказанную помощь.

– Для меня это было приятной неожиданностью. Наступили холода, а из-за аварии подача тепла прекратилась. Очень добрые вежливые ребята привезли, все так аккуратно сделали. Огромное спасибо им. Этот уголь согрел нам не только дом, но и душу, – поделилась она.

К слову, в город уже завозят новые радиаторы, которые должны заменить полопавшиеся батареи горожан. И здесь работники

дистанции пути не смогли остаться в стороне. Они оказывают помощь в доставке и разгрузке радиаторов.

На время восстановления теплоснабжения домов в Экибастузе КТЖ установили четыре теплых вагона для обогрева живущих рядом жителей, работников восстановительных бригад, железнодорожников и полицейских. Здесь можно погреться и выпить горячего чая. Ежедневно более 50 семей, а это 120-150 человек, обеспечиваются бесплатным обедом и ужином. Вагоны экипированы твердым топливом, моющими и гигиеническими средствами, комплектами постельных принадлежностей, обеспечены питьевой водой и продуктами питания.

Напомним, в ночь на 27 ноября в Экибастузе произошла остановка сразу нескольких котлоагрегатов. В Минэнерго сообщили, что повреждение на тепловых сетях привело к остановке котлов на теплостанции. За два дня произошло 73 прорыва. В городе объявлен режим чрезвычайной ситуации.

Фото автора

Безопасность

НУЖНЫ УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ МЕРЫ

Ревизорским аппаратом департамента безопасности движения по Алматинскому региону с начала года проведена 791 проверка, в том числе 35 ночных.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В книгу РБУ-8 внесено 198 замечаний, против 236 в 2021 году. Лидером является хозяйство перевозок. Здесь с начала года зафиксировано 54 замечания.

Кроме того, приостановлена эксплуатация 19 локомотивов, 70 грузовых и 11 пассажирских вагонов, закрыто 38 станционных путей (главных – один, приемоотправочных – семь, тракционных – 29), 56 стрелочных переводов, ограничение скорости – 244.

С начала года в границах Алматинского участка допущено 10 случаев нарушений безопасности движения, против 13 в 2021 году, в том числе событий – три, семь инцидентов.

Как поясняет главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев, в Алматинском регионе наблюдается системность нарушений безопасности.

Практически во всех хозяйствах отделения отсутствует анализ состояния безопасности движения, по выводам которого необходимо принимать управленческие меры для исправления ситуации. К примеру, в хозяйстве

электрооборудования не в полном объеме выполняются планово-предупредительные работы по обслуживанию устройств контактной сети и электрооборудования, по причине отсутствия достаточного количества запасных частей и обслуживающего персонала.

По хозяйству движения зафиксирован низкий уровень знаний работников, неисполнение своих прямых должностных обязанностей. Недостаточно проводится профилактическая работа руководителями станции, отсутствует контроль за исполнением целенаправленных и адресных мероприятий по искоренению причин нарушений безопасности.

Так, на станции Кайрат допущен сход одного вагона при производстве маневровых работ, причиной которого явилось неизятие тормозного башмака из-под вытягиваемого вагона составителем поездов.

– На командировок среднего звена возложена основная нагрузка, они несут полную ответственность за свой участок, – сказал Мейрамбек Умирбекович.

Как отметил главный ревизор, необходимо контролировать работу дежурных по поезду, усилить контроль за содержанием содержания путей, соблюдением технологических процессов персоналом при производстве работ. И, конечно же, проводить рейды со всеми причастными службами. Ведь только благодаря общим усилиям можно преломить ситуацию.

Фото автора

НОВЫЙ СТАТУС

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана



ПРАВООПОРЯДОК

В вокзальном комплексе «Нұрлы жол» прошел «круглый стол» по обсуждению основных положений нового Конституционного закона Республики Казахстан «О прокуратуре». Участие в мероприятии приняло руководство вокзала, предприниматели, представители правоохранительных и государственных органов, связанных с объектами транспорта.



В Конституционный закон «О прокуратуре» был добавлен пункт о защите интересов частных предпринимателей. Таким образом, представители бизнеса смогут напрямую обращаться в прокуратуру для защиты своих прав.

– Главной целью деятельности органов прокуратуры было и будет соблюдение прав и свобод граждан, а также интересов бизнеса и государства. Поэтому высший надзор должен обеспечиваться законом, имеющим конституционный статус. Это важный этап развития органов прокуратуры и правоохранительной системы в целом, – сказал заместитель главного транспортного прокурора РК Руслан Исаев.

Для защиты бизнеса от рейдерства и уголовного преследования Генеральной прокуратурой было принято решение создать специальный отдел, единый Call-центр, а также в регионах начали работу мобильные группы.

– В состав группы включены все правоохранительные органы и представители НПП «Атамекен», – говорит руководитель управления уголовного преследования Главной транспортной прокуратуры Ерлан Егеубеков.

В целях реализации возложенных функций прокуратура также будет взаимодействовать с уполномоченным по правам человека в Казахстане и оказывать содействие его деятельности.

– Это одна из новелл в законодательстве, направленная на оперативное взаимодействие органов прокуратуры и уполномоченного по правам человека в РК. Совместная работа с органами прокуратуры позволит эффективнее реагировать на нарушения прав и свобод граждан, – отметил представитель уполномоченного по правам человека по Астане Марс Галиев.


В ходе встречи сотрудники вокзала попросили представителей генеральной прокуратуры оказать содействие в решении вопроса с нелегальными таксистами. Заместитель главного транспортного прокурора РК Руслан Исаев поручил решить данную проблему в ближайшее время.

К слову, в здании вокзального комплекса «Нұрлы жол» размещены специальные памятки с QR-кодом. Теперь с помощью мобильного телефона каждый гражданин может в онлайн-режиме подать свое заявление.

Фото автора

К МОРОЗАМ ГОТОВЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Для предприятий, станций филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» практически полностью завершены поставки зимней спецодежды, спецобуви, а также средств индивидуальной защиты, которые особенно ценны с наступлением холодов.

По словам начальника отдела по охране труда Костанайского отделения ГП Даулета Тайкешова, на данный момент уже поступили костюмы, утепленные для защиты от пониженных температур, рукавицы меховые, респираторы, перчатки диэлектрические, защитные очки от механических воздействий, каски защитные, наушники и т. д. Помимо спецодежды и спецобуви, железнодорожники регулярно получают и другие необходимые в повседневной работе бытовые предметы, такие как стиральные машины, микроволновые печи, медицинские аптечки, водонагреватели и рабочие инструменты. Все это по мере необходимости распределяется между станциями и предприятиями региона.

– Специально созданная рабочая комиссия регулярно проверяет качество и количество поступающих предметов, – говорит Даулет Тайкешов. – Так что нами принимаются все меры для того, чтобы работники получали только качественное оборудование и одежду. Вдобавок мы регулярно проводим встречи с железнодорожниками, где интересуемся их заботами, нуждами и немедленно их решаем.

Также, по словам Тайкешова, на всех станциях региона уже запущена отопительная система. В летнее время, в зависимости от ситуации, где-то были проведены текущие ремонты систем отопления, где-то произведена частичная замена устаревшего оборудования. Произведены замена труб водопровода, смесителей душевых, линолеума, канализационных труб, электропроводки, светильников, распределительных коробок, электророзеток, промывка и окраска радиаторов отопления.

ПОСТОРОННИХ НА ПУТИ СТАЛО МЕНЬШЕ

За ноябрь этого года в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) допустили 18 случаев экстренного торможения (ЭТ) поезда. Скот на пути по-прежнему остался основной их причиной. В семи случаях удалось предотвратить наезд на домашних животных. В двух – на человека.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

В шести случаях наезда на животных избежать не удалось. Домашняя скотина стала причиной ноябрьских экстренных торможений поезда с наездом на перегонах Кожкиек – Бухтарма, Коршуново – Черемшанка, Кумистау – Таусамалы, Екаша – Бурсак, Сарыжал – Шар, Шалабай – Сарыжал. Локомотивщики предотвратили наезд на скот на перегонах Шалабай – Сарыжал, Кумистау – Таусамалы 4 ноября, перегонах Шалабай – Бурсак, Черемшанка – Тишинская – 6 ноября, 18 ноября – на перегоне Риддер –

Тишинская, 20 ноября – Кожкиек – Кумистау, 25 ноября – Улан – Новоустыкменогорск. Наезд на камень произошел 12 ноября на перегоне Иртышский завод – Казиевка.

18 ноября во время маневровых передвижений по станции Оскемен-1 и 26 ноября на станции Усть-Каменогорск благодаря экстренным торможениям удалось предотвратить наезды на посторонних, спасти жизни людей.

Всего за 11 месяцев текущего года локомотивные бригады допустили 140 экстренных торможений. Из них без наезда – 114, с наездом – 26. С начала года локомотивщикам пришлось «тормознуть» 21 раз по причине

нахождения на пути домашнего скота, но наезда избежать все равно не удалось, еще в трех случаях – на людей, в одном – на автотранспорт.

Экстренные торможения в 79 случаях за январь – ноябрь этого года предотвратили наезд на скот, а также 19 – на людей, два – на автотранспорт, три – на посторонние предметы. Интересно, что в прошлом году из-за нахождения на пути посторонних людей локомотивщикам тормозить приходилось чаще. В 2021 году было зафиксировано 28 случаев экстренного торможения на людей без наезда. 60 ЭТ за прошлый год предотвратили наезды на скот.



В Астане подвели итоги Спартакиады среди работников центрального аппарата, филиалов и дочерних предприятий АО «НК «КТЖ», посвященной Дню Независимости РК. Лучшими среди 23 команд-участниц стали представители регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки».

СПАРТАКИАДА ВЫЯВИЛА ЛУЧШИХ



Масштабное спортивное событие прошло в столице с 12 ноября по 4 декабря и собрало свыше 750 человек. Спартакиада включала состязания по шести видам спорта: волейболу, мини-футболу, баскетболу, шахматам, бильярду и настольному теннису.

Открывали программу соревнования по волейболу, через неделю железнодорожникам предстояло выявить лучших в баскетболе, а затем – в бильярде и шахматах. К слову, оба этих вида оценивались как в командном, так и в личном зачетах.

За бильярдным столом встретились все 23 команды, каждая из них была представлена двумя участниками. В личных зачетах общую сетку участников разделили на две подгруппы – по 24 человека в каждой. Победители в своей подгруппе сразились в финале за первое-второе места.

Логические, выверенные решения и безупречное исполнение ударов – игры железнодорожников получились по-настоящему зрелищными и напряженными. Но удача в этот день улыбнулась далеко не всем. Лучший результат показал представитель команды РФ «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Марат Мирзакулов. Второе место – у Габита Исаева из АО «Пассажирские перевозки», третье – у Армана Аренова из ТОО «ВЖД». В командных состязаниях первыми ожидаемо стали работники РФ «Северный», в шаге от них соответственно АО «Пассажирские перевозки», а замкнула тройку лидеров команда АО «КТЖ Экспресс».

В самом интеллектуальном виде спорта – шахматах – свои умения продемонстрировали



20 команд. Каждая из них была представлена двумя мужчинами и одной женщиной, поэтому в личных зачетах соревнования проходили на трех досках. Состязались железнодорожники по швейцарской системе с контролем времени 10+2. На первой доске лучшим стал Андрей Степанов из АО «КТЖ Экспресс», на втором месте – Нурсултан Жансаринов из ТОО «КТЖ – ГТ», а на третьем – Ерсалин Молдияров из РФ «Северный». На второй доске победителем стал Ерман Дюсюков из АО «КДТС», «серебро» – у Аската Канафина (ЦЖС), «бронзы» – у Александра Кима (АО «ПП»). На третьей доске золотой медали удостоился Жулдызай Кучербаева (АО «ПП»), второе место – у Розы Нурбек (АО «КТЖ»), на третьем – Гульжан Таубаева («Нурлы жол»).

В командном зачете победили представители АО «Пассажирские перевозки», на вторую ступень пьедестала почета поднялась команда ТОО «КТЖ – ГТ», замкнула тройку призеров АО «КТЖ Экспресс».

– Уровень мастерства железнодорожников растет от турнира к турниру, с каждым годом улучшается состав. На спартакиаде они в очередной раз продемонстрировали успехи и волю к победе, – поделился заслуженный тренер РК, международный арбитр, исполнительный директор



центрального шахматного клуба Астана Ержан Шакиенов.

На минувших выходных команды состязались в более динамичных дисциплинах – мини-футболе и настольном теннисе.

На футбольном поле Евразийского национального университета встретились 20 команд, которые поделены на семь подгрупп. Игры проходили по круговой системе. Проигравшие в своих подгруппах выбывали из борьбы, а остальные продолжали битву в стыковых играх. На этом этапе команда Дирекции магистральной сети получила путевку в финал, одержав победу и удачно пройдя жеребьевку. Остальным финалистам такая возможность представилась лишь после напряженной борьбы в матчах за 1-7-е места.

В результате жарких баталий свое место в финале завоевали также команды АО «Пригородные перевозки», Дирекции автоматизации и цифровизации (ЦДАЦ) и Астанинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-11). Лучшими в финале стали футболисты из ЦДАЦ, на втором месте – ЦЖС, на третьем – ТЧЭ-11.

В настольном теннисе сра-

зились 22 команды, в составе каждой из них – по два мужчины и одной женщине. Они также были разделены на семь подгрупп и играли по круговой системе. По итогам стыковых игр команде ТОО «ВЖД» улыбнулась удача, и она получила счастливый билет в финал. Три других финалиста – победители матчей за 1-7-е места: ЦДАЦ, ЦФО и «Нурлы жол». Соперников по финалу определяли с помощью жеребьевки. Играть им предстояло до трех побед, то есть максимум по пять игр. Сильнейшими оказались теннисисты ЦФО, в шаге от них остановились работники ЦДАЦ, на третьей строчке – ТОО «ВЖД».

Все победители и призеры по видам спорта отмечены медалями, дипломами и памятным подарками.

По итогам спартакиады первое место в общекомандном зачете заняла команда регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки», на второй строчке турнирной таблицы расположились работники ЦДАЦ, а «бронзу» завоевали спортсмены ТОО «ВЖД».

Любовь РОВБА, Астана
Фото автора

ЖЕҢІС – ЛОКОМОТИВШІЛЕРДЕ

Өткен аптада Семей ЖТ бөлімшесі бойынша алдағы Тәуелсіздік мерекесіне орай спорттық шаралар жаулауын көтерді. Байрақты бәсекеге бөлімше бойынша барлық мекемелер қатысуда.



Спорт десе ішкен асын жерге қоятын жергілікті теміржолшылар қауымының сұрауы бойынша алғашқы кезекте шағын футболдан бөлімше біріншілігі өткізілді. Спорттың бұл түрі семейлік сала қызметкерлері арасында кеңінен танымал әрі өңір бойынша жақсы дамыған. Сондықтан болар, бұл жолғы турнирге сақдай сайланып келген сегіз команда өзара сынға түсті.

Салалық кәсіподақтың демеушілігімен өткен жарыстың беташарында сөз алған ұйым төрағасы Алик Досанов барша қатысушыларға жарыс жолында сәттілік тіледі.

Төрешінің ысқырығымен бөлімше біріншілігі басталып, жеребе бойынша жарыс жолына шыққан командалар бір-біріне дес бермей алға ұмтылуға тырысты. Өзара қарымта байқасқан командалар арасында Жаңа-Семей станциясы мен ШЧ-29 футболшылары тәп-тәуір ойын өрнегін көрсете білді. Сол төрезді қарымта шабуылмен көзге түсіп, жанкүйерлерін желпіндіріп тастаған командалар арасында

ӘТЖК Семей филиалы мен НЖС

ойыншылары да ерекше көзге түсті. Дегенмен финал барысында ойын өрнегі мүлде өзгеріп, тосын жайттар орын алды. Бәзбір жылдары бөлімшенің гана емес, ұлттық компания бойынша бірнеше мәрте чемпион болған ТЧЭ-24 командасы бұл жолы да суырылып алға шығып, бас жүлдені қанжығаларына байлады. Ал тас қамал берік қорғаныс пен шабуылды үдеткен Жаңа-Семей станциясының футболшылары екінші орынды жеңіп алса, жүлделі үшінші орын және байланыс дистанциясының ойыншыларына бұйырды.

Біріншілік барысындағы барлық жеңімпаз командалар арнайы кубокпен марапатталды.

– Тәуелсіздік күні құрметіне өтетін ойындар әлі де жалғасатын болады. Алда тағы да тартысты сәттер бар. Сонымен қатар, алдағы уақытта қысқы спорт түрінен бөлімше біріншілігін ұйымдастыратын спорт клубысы, – дейді «Локомотив» спорт клубының шабуылмен көзге түсіп, жанкүйерлерін желпіндіріп тастаған командалар арасында

Абай ЕРПІС, Семей
Суретті түсірген автор

ШЕБЕРЛІК СЫНҒА ТҮСТІ



Қоғам арасында бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығын нығайтудың кепілі. Ал теміржолшылар арасында спортпен тұрақты айналыспайтын адам жоқ десек болады. Түрлі спорттық шараларды тұрақты өткізу үрдіске айналған.



Жуырда Арыс қаласындағы Орталық стадионда өткен дүбірлі дода – осының айғағы. Салауатты өмір салтын ұстанатын теміржолшылар спорттың бірнеше түрін бақ сынасты. Сала кәсіподағы Шымкент филиалының төрайымы Нағима Салықбаева «Ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы бұл спорттық сайыс «Қазкөліккәсіп» ұйымының 30 жылдығына орай ұйымдастырылды» дейді.

Кәсіподақ ұйымы өкілдері ұйымдастырған шараға барлығы 70-ке жуық адам қатысып, шағын футбол мен арқан тартудан өткен сайыста 7 команда сайысты. Жарыстың талапқа сай тәртіптен өтуін Шымкент филиалының спорттық шараларды ұйымдастырушы-нұсқаушысы Елена Маньшина мен Арыс станциясының спорт нұсқаушысы Көмек Асанов бастаған қазылар алқасы қамтамасыз етті. Күнұзаққа созылған тартысты

ойында жеңімпаз команданы анықтау оңайға түспеді. Айталық, бес адамнан құралған командалық арқан тартыста жеңіс әр тарапқа ауып түсіп, жігіттерге бірнеше реттен күш сынасуға тура келсе, футболдағы жеңімпаз пенальти арқылы анықталды. Нәтижесінде арқан тартудан ШЧ-38 командасы 1-орын, ТЧЭ-32 командасы 2-орын, ал ВЧД-30 командасы 3-орынға лайық деп танылды. Ал футбол бойынша ШЧ-38 (1-орын), ВЧД-30 (2-орын) және ШЧ-30 (3-орын) командасының екінші құрамасы жеңіс тұғырынан көрінді.

Осылайша, күш-қуат пен шеберлік сынға түскен сайыста үздіктер анықталып, түрлі аталымдар бойынша марапатталды. Жеңімпаз команда арнайы кубок иеленсе, «Үздік шабуылдаушы», «Үздік қақпашы» аталымдары бойынша арнайы дипломдар табысталды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Арыс
Суреттерді түсірген автор

В ФУТЗАЛ СЫГРАЛИ НАСТОЯЩИЕ МУЖЧИНЫ

В спортивном комплексе «Триатлон» города Кокшетау прошли соревнования по футзалу среди работников железнодорожных предприятий Акмолинского региона. Приурочили футбольные баталии, в которых приняли участие восемь команд, к празднованию 100-летия строительства железнодорожной линии Петропавловск – Кокчетав. Организацию турнира взял на себя Акмолинский филиал АО «Казпрофтранс».

За звание сильнейших боролись восемь команд – НОД ГП-1, НЖС-1, ПЧ-15, ШЧ-12, ЭЧ-6, ТД-5, ДС Кокшетау, ВЧД-34. Для выявления победителей турнира понадобилось несколько часов. Ведь противостояния разгорелись нешуточные. Среди железнодорожников нашлось немало желающих сразиться на футбольном поле.

– Соревнования получились, как всегда, веселые и энергичные. Главное – отдохнуть от каждодневных обязанностей и с пользой для здоровья провести время, – поделился председатель Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс»

Хазис Закирин.

Игры проходили в упорной борьбе. Команды в основном были равные по силам. По признанию зрителя, мало какой вид спорта может поспорить по зрелищности с мини-футболом. Ведь игра наполнена быстротой комбинаций, ловкими финтами, близостью зрителя к полю.

По итогам турнира первыми стали спортсмены из команды ШЧ-12, второе место заняла команда ЭЧ-6. У игроков ВЧД-34 – почетное третье место. Были выбраны лучшие игроки турнира: в номинации «Лучший вратарь» – Сергей



Ушаков (ШЧ-12), «Лучший защитник» (ЭЧ-6) – Данияр Раев, «Лучший бомбардир» – Жоламан Молдашев (ШЧ-12), «Лучший нападающий» – Жаслан Касымов (ЭЧ-6).

– Спасибо Акмолинскому филиалу АО «Казпрофтранс» за организацию таких соревнований. Ведь все это делается для того, чтобы железнодорожники могли вести активный и

здоровый образ жизни. Отмечу, что люди, активные в спорте, показывают хорошие результаты и на производстве, – сказал помощник по МТО НПОЖ-1 Айдын Байжокин.

По итогам соревнований все работники награждены кубками, грамотами и денежными призами.

Айлин БАУРЖАН, Кокшетау
Фото автора

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол»

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Құаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.